

Магнит

Арзы

Ойыл көздің жасы еді.
Асанқайғы.

Баян кетті «Қозыма қош айтысып,
Моласына түнеймін бүгін кеш», – деп.

Шәкір Әбенұлы. «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу».

Каспий мен Арал, қос түйік су арасы тізбектелген обалар көп. Мұнар басқан әр төбеде тасқа түскен ат түяғының ізімен қоса ногайлының көкжиегі толықсыған кең даласы үшін шайқастарда мерт ерлердің сүйегі жатыр. Атырау теңізінің ежелгі атауы «Қаз», қу тұқымдас қанқылдаған дала құсынан өрбіген көшпелі тайпадан шыққан. Тұп асылдығы Алтын тауда жаралып, бөрі анадан сұт емген, кең тараған бұл халық «ит-құс» деп өз тегін қосарлай атап, аққу-қаз һәм көкшуланды өлең-жырларында қастер тұтатыны сондықтан. Маңғыстау, Үстірт бойы, Ұшакқан өзенінен бермен кіші жүз адай, шеркес, кете рулары таңбалары басылған Қара Шұңғылдағы көне қорымдар өткен күннің белгісі. Тұбектегі үш жүз алпыс әулие, Бекет ата басына ел құдай, аруақ деп сыйынып барады. Бағзы сағана там, қой-тас, үш тас, сандықтас, үйлген тастардың мол тұсы қарғалық, тастан қаланған мазарлар, Ембіден Орал өзеніне дейін бертін салынған төртқұлақты тамдар. Арнасы толған айдай мол ақкан Қобда өзені жағасы Жиренқопада қара қыпшақ Қобыланды батыр зираты – Бесоба, қаракүйрықтар шұбырып, шөліркей суатқа құлайтын тұс. Оғыз-қыпшақ нәсілі Қырықоба, Қараоба деп атайдын Бөрлідегі зираттар батпан даланың қаңсыған ескі тарихы. Жұқанасы қалса да олар бәрінен биік. Эр тайпа-рудың жеке өз қорымы тағы бар. Ойыл – көкшіл терең өзен. Жем топырағы, сұы жұмсақ, жағасы тал-шыбық өскен су. Жарқабақтары алшақ, ені ұлken, ағыны қатты, өгіздей өкірген ірі өзен болғаны сойдиған, құрғақ ізінен айқын білінеді. Қыс Ұлықұм, Кішікұм, жаз Еділ-Жайық, Ойыл-Қыыл – құмдар мен суларды алма кезек жайлайтын қазақ рулары атасын ұмытқанды әсте теріс көретін. Бағзы қорымдарды зерттейтін жас археолог Маңғыстаудан ғылыми экспедиция кері қайтарда, Ақтөбе өніріндегі туған ауылын сағынып, қона кетпекші еді. Жемнің бір тарауы, қаһарлы Ақсақ Темір әмірші қонған, жер суларынан бас алатын Алтықарасуда алабөтен зират бой көтергенін естіп, ол көрші ауылға соға кетуге көнілі ауды. Алып-қашпа дақпырт бұл ерлі-зайыптылардың отбасылық кесенесі екенін айтады. Бірақ оның айтса адам сенбес бір кеселді құпиясы бар деседі. Археолог соны білгенше асықты. Сырт. Ауылдың күнбатыс жағындағы қыратта, тәбе басында шошайып күмбезді кесене тұр. Жас топырағы әлі кеппеген. Бозғылт ай туса мұнда өлі мен тірі қатар мекендейді.

Мектепте оқып жүргенде Шамсия қыздың Аққозымен жұбы жазылмайтын, кәмілетке толысымен дереу бала ғашықтар үйленді. Жас жігітті екі-үш жылға әскерге алып кетсе, елге қайта оралғанша сүйгені оған жоқ. Ғашығын қарауылсыз қалдыrsa көзі түскен көлденең көк атты алып қашып кетеріне бозбаланың еш күмәні жоқ. Көрмейін десе көз көрер, көрген соң көз ақы алар, жігіт болса көңілі ауар. Көшпелі ата ғұрпында қыз алып қашу мен барымтаны ер жігітке жарасар өр қылышқан санайды. Совет заңына пысқырып қарамайтын біраз есерсөк бұл елден әбден табылады. Уыздай қосылған екі ғашық қатар жүрсе қаймана жұрт сұқтана қарайды. Он төртінде толған айдай толықсыған нәркес көз жас келіншек қараторының сұлуы. Сүйегі байұлының ішінде тана руынан. Өзі Қозыке, Қозықа деп сүйіне атайдын ақ сары өнді, сымбатты жас жары, көгі алты ата әлімнің кете руынан. Жиһазы жоқ жұпның оңаша отау үйде жас отбасы өсіп-өнді. Аққозы қаланың жоғарғы оқуын бітіріп келген, орта мектепте мұғалім. Келіншегі төртінші балаға аяғы ауыр. Шамсияға көзі түссе кемпір атаулы баяғы ит арқасы қиянда қалған қыз күнін жамырай еске алып, жаулық ұшымен жасаураған кәрі көздерін бір сұртіп, сыры кетіп қалса да, есіп бір сөйлем қалады. Қыз Данайдың салтанатын дәріптейді баяғы. Төремұрат айттырылып қойған Қыз Данайды аларда құмдағы түркпен досына сұлу қалыңдығының мойын алқасын, шектінің зергеріне құлағына салар ұзбелі алқасын, жағалбайлы мен таздың ұсталарына қос білезік пен жүзіктерін жекедара таза күмістен үйірлі жылқыға соқтырып еді дейді шіркін. Қыз Данай әшекейін тағынып, ителгідей таранып, ақкудай сыланып, жиын-тойға барса ерлердің көбі оның қолындағы адай жүзік тәрізді төрт саусағына қатар тағыла кетердей есі қалмайтынын шалдар жағы жыр қылып айтады. Әйтпесе, Қыз Данайдың қырғыны болар ма, Мұғаджардың төбесінен асып, алты алашқа тарар ма, сұлтансиықта Құрманғазы төкпе күйге салар ма! Кетбұғыдан соң Қорқыт бабаға қонған аруақ құс болып ұшып кетіп, күй құдірет кейінгі ұрпақтан он екі ата байұлыда қызылқұрт Құрманғазыға таңдал қонғаны рас. Күйші есімі аталса, ел елегзи жаны сүйініп, арқасы қозып кететін. Құйма құлақ қариялар Құрманғазының өзін былай қойып, рулас ақын Соқыр Білектің өмірін, өлеңін әнгімелеп бір басылатын.

Шамсия босанып келген соң нәресте қырқынан шықпай, құтты болсын айта келген ауыл кемпірлеріне шай берді. Ері жұмыста, 7 литр су қайнатқан дәү самауырды белін қалың орамалмен әлденеше орап алған жас келіншек өзі көтерді. Әттең, білмеген у іshedі. Соның кесірінен қан кетіп, қонақ тарқасымен ол әлі құрып, төсекке құлаған. Шамсия қан қысымы кенет төмендеп, басы айналып, көзі қарауытқан сәтінде құрттай төрт баласын қаз-қатар бауырына басқысы, үздіге еміренгісі келді. Аққозы үйге фельдшерді ертіп әкелгенше, Шамсия көп қан жоғалтты. Лезде өні бозарып, көзінің алды көгіс тартып, шұңғарейіп, қарашибір ұлғайды, мандайын сұық тер басты. Келіншек мартау басқандай есенгіреп, омырауы ерен иіп бара жатса да, бесіктегі баласын емізіп үлгермеген. Жүргегі жиілей соғып кеткенде өнебойын бір шаттық күй кернегендей сезінгені жылдам тарқады, енжарлық

мендеп, иірім тартқандай, қимастарынан ақырын айрылып, жаны алмаздай жарыққа ұшып барады. Үш ұйықтаса түсіне кірмеген ажал ұшықтай жабысқанда уыздай ана екінші мүшелге әлі толмаған. Аққозы Шамсия талықсып, тілі күрмеліп, жансызданған аяғы суып бара жатқанын бірақ көрді. Күйеуі оның сүйріктей қолына жармасып, өні ме, түсі ме, қазан ұргандай оқыс қазаны шала ұғып, ышқына ұлыған назалы дауыс шығарып, өкіре, өкси жылағанда сүйген жардың ақтық демі үзіліп кетті. Өлгенде жас ананың көзі жабылмай ашық қалды. Жаназа оқыған молда бұл фәниді марқұмның жаны қимайды, жарық дүниеден бақиға жастай кеткісі жоқ, көзі жұмылмай қалғаны сондықтан деп сөуегейлік айтты. Шырақ жағылып, ағайын-туыспен бірге басын күзетіп, мұң-налалы құсадан есі кетіп, мәңгірген қалпында күйеуі таң атқанша көз ілмей телміріп, марқұм жарының сұлқ жүзінен көз айырмай отырды. Шамсияның көзі тірі, өзіне үздіге, мөлдірей қарайтын тәрізді. Әйелдер сүйегіне түсіп, арулап, мәйітті кебінге орап салғанша Шамсияның көзін жаппасын деп ері молдаға өлердей жалынып, рұқсатын алды. Жаназа оқылды, марқұмды жер қойына тапсырған соң құдай есіркесін, шиеттей балаларына ана кайдан табылар, емшек сүтінсіз жана туған нәрестеге қыын болды-ау деп аңыраған ел-жұрт Шамсияны сұқ көз тиіп өлді деп анық жорыған. Көрікті әйелдер бала туған сайын таңғы шықтай мөлдіреп құлпырады. Сұлулыққа ел көзі сұқтанғыш. Ақушер орыс әйел Шамсияны босандырғанда, «Потрясающе, я никогда не устаю дивиться этому чуду, рождению ребенка» депті, соның тұздай көзі өтті ме екен. Әй, бұл бекер жала, акушердің жазығы қанша, үйреншікті іci, үш құзғын кемпір ас-су аңдығандай, бір жосын құтты болсын айта кеп, жас босанған, әлі белі бекімеген нәзік келіншекті албасты басқандай кенет өлімге душар қылды десті сұңғыла кей жұрт. Шын ғашықтар бұл фәниде қосылуы сирек, қосылса оларды дереу өлім айырады, өйткені құдай қоспайды, балдай сүйіспеншілікте ең кереметі арасы ай мен күндей бөлінген мәңгілік сағыныш. Бұл расында тағдыр жазуы, қос мұндықтың жазмышынан-ау деп жорыды біреулер. Қараша үйден өлік шыққан алғашқы күні анасынан айрылған заржақ бөлесі уанбай іңгәлап, шырылдай жылаған даусы мұқым ауылдың жанын қоярға жер таптырмаған. Елқонды қойшының Шамсиямен қатар босанған жас келіні, жәргектегі нәрестені бесігімен көтеріп үйіне әкетті. Әкесінде ләм-мим еш қарсылық болмады. Шамсияны ел жерледі, танадай көзін жасырып, сұр топыраққа қиды. Қөпшілікті қайран қалдырған жұмбақ жайт, үйінде екі түнеткен соң марқұмның сәл көгіс тартқанмен ұйқыдағы арудай әсте солмаған әсем жүзі, бұл оны тірідей жерлегелі жатқандай елге теріс әсер қалдырған. Ері бір айда қызыл кірпіштен күмбезді кесене тұрғызып, жұбайының басын көтертті. Ақ тасына қашатып, бір шумақ өлең жаздырды. «Ақ сұңқар ұшты ұядан, Аңырап қалдым қияда. Алғанымнан айрылдым, Қабырғамнан қайрылдым. Бұлғақ күйге тұтылдым, Күлге айналып жүргегім. Жалғандағы жарығым, Айым, Күнім, асығым. Жанымның нұрлы шыразы, Қымбат екі дүниеде, Жарым бар жердің жұмазы. Көрге бірге түсер ме ем?! Қозықаң». Аққозыны ұядағы балапан тектес төрт баланың көз жасы бөгеді. Далаға шыққанда әуелі сыртқа, жал төбеге телміре қарайды. Сонан

соң ол көзге көрінбейтін айдауыл әкеткендей, мектепке ілбиді. Көп ұзамай көршілері Аққозыдан жұмбақ міnez байқай бастаған. Түн ауса ол айдалаға безіп жоғалады. Желқұз демейді. Шамсияның күмбезді зиратына барып қонатын көрінеді. Таң сәріден сиыр сауып, өріске қосатын әйелдер талай көріпті. Аққозы сырт бейіттен оралып, жуынып-шайынып, ересек ұлын үйқысынан оятып, тамағын берген соң мектепке қолынан жетелеп кетеді. Қалған үшеуі ақүрпек. Ел құлағы елу, кешікпей бұл тосын жайттан тегіс құлақтанды, Аққозы ауыр қайғыдан шатасқан десті, күндіз сабак берсе, түнде өлікпен қатар қонады. Тұнгі сағат он екіге таман Аққозы үйқыдағы балаларын қарындастына қалдырып, көрдегі әйелінің қасына барып жатуды ғадетке айналдырыды. Қалтасына балауыз шырағдан пен оттық сала барады. Мылқау күмбез ішінде жарық жаңып, өлі әйелінің төмпешігі тұсына тірі күйеу кеп жатады. Ол шырағданды сөндірген соң әлденені қубірлеп сөйлейді де, көзін жұмады. Тұнжыраған жеті қараңғы түнде шоқ тоғайдан үкінің уілдеген үні, моланы төніректейтін байғыз құс оның шырт үйқысын бұзбайды. Ауылдың топты жүгірмегі күн жарықта Шамсияның оқшау тұрған зиратына кіріп көрсе, ішіне темір кереует, көрпе-жастық қойылған еken. Кесененің ортан белінен қара жолақ белдеу жүргізіп, құс қанат бедер салынған. Төріне жас әйелдің үлкен суреті ілініпті. Қара жер қартаймайды, қара жер иемденсе қайтыс болған адам қартаймайды. Аққозы суретші досы Бекниязға Шамсияның фотосуретінен көшіртіп, майлы бояумен портретін салғызыған. Басына кестелі орамал салған жас сұлудың қос бұрымы бірі алдында, бірі арқасында, үстел басында реңі гүл жайнап, құлпырып отыр. Портреттің тұркы 1,5 метр. Аққозы қатерлі дертке ұшырағанын Ақтөбедегі журналист жолдасы Тауасар естіді. Ол тамызда ауылға ойдым-ойдым соқпақ жолмен үш аяқты мотоциклмен жексенбі күні зорға жеткен. Әуелі ол зиратты барып көрді. Елдің қауесеті өтірікке шықса деп ойлап еді. Зираттағы бекзат сурет оның көзіне оттай басылды. Шамсия қара шашын қақ жара өрген. Алакөлеңкеде әйелдің ұзын бұрымы жыланша елестеп, Тауасарды оқыс сескендіріп жіберді. Суретші мұның немере қарындастының жарқыраған тұнық көздерін тірі құсатып, кенепке айнытпай салғанына қайран қалды. Құдіреті құшті жасаған, бұлай тек сұлу әйелді өлердей сүйген дауасыз жан сала алады! Үйінде Аққозы «Зингер» іс машинасымен балаларына шибарқыттан кеудеше-шалбар тігіп отыр еken. Тауасар кішкентайынан бір өсken тетелес жолдасын ауыр қазадан соң екінші рет кіріп тұр. Көз ұясы шұнірейіп, азалы екенін оның мылқау қабағы білдіріп қояды.

Бауырым-ау, қайран Қозықам-ау, адамнан жасырсан да, сыбырлағанды құдай естиді. Сенің не кепке ұшырағаның қаланың қара таяғы маған жетті, – деп бастады Тауасар ақ сары жүзін уайым мендеп, көкшіл көзі жасқа шыланып. – Шамсия менімен бір атадан, жақын немере қарындасым, сен білесің, Еңсегей бойлы ер Есім ханға басу айтып, азуын айға білеген Жиембет жыраудан тараймыз. Өлдің, Мамай, қор болдың! Өлім кімді мойындарпаған?! Жемнің суы теңізге жетпей, сорға сінуші еді. Өмір түбі өлім. Құр сұлдерін жүрген қаралы халінді көзіммен кіріп, жүрегім қан жылайды. Негұлайын!

—Адам үш күннен соң көрге де үйренеді, — деді Аққозы селкос. — Аруақ азбайды.

—Ол бірақ тірілер үшін айтылмаған әншейін жұбату сөз. Растығын тексеріп қайтқан құдайдың құлы жоқ. Сені біреу көрге тірідей кір деп қарғап па еді? Жатар жерің бейіт болғаны несі? Қанша сүйгеніңмен өлгеннің беті ары. Сен маған күйеубаласың. Дереу үйлен. Қарғадай ұрпағынды жеткіз, қатарға қос. Өлген артынан өлмек жоқ. Сосын бұл ауылда тұрма, көшіп кет. Өлі жұбайдан тірі әйел қызғанады. Жұтаған жұртын қимас деген. Көш. Соны айту үшін алыстан ат арылтып жеттім. Жігіт сұлтанысың, қажырлы, қайратты екенінді бала кезден білемін. Ішінде ат басындаш шер ессін, жылау болсын мейлі, ер жігіт қара судай тұңғиық қайғыға дес бермес! Бес күншілік жалғанда жарынды алдың жоғалтып. Қара қайғы қорегің, қайрылмай кете алмайсың, мынау үш-төрт бөбекің. Өзің үшін болмаса, балаларың үшін жанынды жеген у дертіңе қарсы тұр! Күрес! Әкімәлі ақын «Ер тәуекел етпесе, Қайғымен не өнеді?» деп жырлағаны тіл ұшына оралды. Айтшы, кәне, молаға неге тұнейсін, Қозым-ау? Ақжайыққа Ор асығады, өлетін бала молаға жүгіреді, түбі қапас тұнерік жерге неге кіресін? Жарық сәуледен неге безесін?

—Ел аузына қақпақ жоқ, — деді мойыған досы құлазып.

— Бірақ өлген қайтып келмес. Шамсияны қара жер қойнына алды. Шам жанбаса, көбелек отқа түсер ме еді? Аққозының бет әлпеті өзімен-өзі тілдескен жанға көбірек ұқсан кетті. Дауысы жеті қабат жер астынан естілгендей біртүрлі күнгірлеп шығатыны несі?!— Тас түскен жеріне ауыр. Бірақ байтақ жатқан Елек, Кобда, Ырғыз, Жем, Сағыз, Ойыл, Қыл, Ор, Ордың бір саласы Дұбір, айшылық иен даламдағы балықты өзендердің бойы алышында ел құлағы мың жылда естімеген жат қылық жасап, құлазыған молаға тұнеуді доғар, Кете баласы. Арғы бабаң өкпелеп ауып кеткен соң Кете атанаңп еді, көгіңе тартыпсың. Сен тұл өмірге өкпелесең де, көкөрім балалардың атасы екенінді ұмытпа! Басқасы бекер деп ұқ. Ақселеулі қыр, жиделі тоғай, акқан су куә. Тауасар бір тұнеп аттанып, қоштасарда жолдасын қимай, бауырына басып, еңіреп жылағысы келіп, өзін зорға тежеді, өлердегі сөзіндей арызын қайырылып айтты: Эйелі жоқ үй жетім. Қайыра отау көтер. Не қылғанмен дер күнің, төсек жаңғырт. Шешеден ерте қалған бейшара балдарынды онан әрмен жетімсіретпе. Иманы тұзу бір қыз осы елден табылар. Мені саған осыны айтсын деп құдай айдал жіберді. Ақ тілегім, алдыңа келгенде арызым осы. Ишарат қылып сөйледім. Құдайсыз қоғамнан нан жеп жүрсөң де, молдадан дұға алып тақсаң қайтеді?! Эйтпесе түсі сұық қу молаға сені кім арбап шақырып тұрады? Аруақ па? Жер астында қиямет қайымға дейін момын жатқан өліктің рухын мазалама. Өлінің тілін тірі алмайды. Соны біл. Екі ұл, екі қыз көздері жаутандап, үйге келген кісіге жатырқай қарайды. Кішілері жылауық, анау-мынау ойынға алданбайтын секемшіл. Тауасар тақиялы кенже ұлдың басынан сипады.

—Доңызтауда айдалаға ағып жатқан ыстық бұлак бар. Сол ыстық бұлакқа барып, жағасында аунап-қунап бірер құн түсейік. Қысы-жазы бір толастамайтын ғаламат шипалы су. Қалтасы қалың жұрт теңіз асып, Қап тауына сол үшін барады емес пе? Құсанды сол бұлакқа жусаң қайтеді, Аққозы? Аққозы өлердей мөлиіп, басын шайқады. Оның үйдегі бесінші баладай бейкүнә жетім жүзін көргенде Тауасардың жүрегі мұздап кеткен соң, ыстық бұлакты есіне түсірген. Ол «Қозықамның мына тірі өлік кейпін көрсе, қара тас жасын бұлактай ағызар еді, қара бұлт бұршақтай жаудырар еді, бір құдай өзі есіркесін, сынарынан айрылған аталық қудай мойны әбден құсадан қайрылып қалыпты. Мәжнүндікті ешкім тілеп алmas, шын махабbat екінің біріне өлсе бұйырмас деуші еді бұрынғылар. Арты қалай болар екен?!» деп ойлап, уайымы өсіп қалаға кері аттанды. Қазақ салтында әйелі өлген адамның қызы айттыруы қалындық үшін қоршылық деп саналады. Әйелі өлген күйеуді ел «Үйі сынық» деп атайды. Көңіл білдірсе, Аққозыдай келбетті ерге қызы атаулы кет әрі демейтін. Ол он жақта сәл отырып қалған бойжеткенді алды. Үйленген соң Аққозы көрші ауылға көшті. Екінші әйелінен ол екі бала сүйді. Кейінгі алғаны Шамсиядан қалған төрт балаға өгейлік көрсетпеді, жатырқамай бірден бауырына басты. Арада он шақты жыл өтті. Тұнғыш ұл мектеп бітірген жылды Аққозы жүрегі тоқтап қалып, қайтыс болды, қандай дерттен өлгені ағайынға белгісіз. Жасы 37-ге ілккен. Ол Шамсиясынан бір мүшел артық өмір сүрді. Өлімінің себебі туралы дәрігерлер ешбір диагноз қоя алмады.